

2015 жылға арналған мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын, жан басына шаққандағы қаржыландыру және ата-ананың ақы төлеу мөлшерін бекіту туралы

Қостанай облысы Лисаков қаласы әкімдігінің 2015 жылғы 10 наурыздағы № 69 қаулысы. Қостанай облысының Әділет департаментінде 2015 жылғы 14 сәуірде № 5526 болып тіркелді

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Заңының 31-бабының 2-тармағына, "Білім туралы" 2007 жылғы 27 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 6-бабы 4-тармағының 8-1) тармақшасына сәйкес Лисаков қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. 2015 жылға арналған Лисаков қаласының мектепке дейінгі білім беру ұйымдарындағы мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысы, жан басына шаққандағы қаржыландыру және ата-ананың ақы төлеу мөлшері осы қаулының 1, 2-қосымшаларына сәйкес бекітілсін.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау қала әкімі орынбасарының міндетін атқарушы **А.П. Сенчевке** жүктелсін.

3. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі және 2015 жылдың 01 қаңтарынан бастап туындаған қатынастарға таратылады.

Қала әкімі

М. Жүндібаев

Әкімдіктің

2015 жылғы 10 наурыздағы

№ 69 қаулысына

1-қосымша

2015 жылға арналған Лисаков қаласының мектепке дейінгі білім беру ұйымдарындағы мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысы, республикалық бюджет қаражаты есебінен қаржыландырылатын жан басына шаққандағы қаржыландыру және ата-ананың ақы төлеу мөлшері

Ескерту. 1-қосымша жаңа редакцияда - Қостанай облысы Лисаков қаласы әкімдігінің 26.10.2015 № 392 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі және 01.09.2015 бастап туындаған қатынастарға таратылады).

№	Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту ұйымдарының әкімшілік-аумақтық орналасуы (аудан, қала)	Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту ұйымдарының атауы	Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту ұйымдарының тәрбиелену-шілер саны	Мектепке дейінгі ұйымдарда қаржыландырудың жан басына шаққанда бір айдағы мөлшері (теңге)	Мектепке дейінгі ұйымдарда ата-аналарының бір айдағы төлемақы мөлшері (теңге)
1	Лисаков қаласы	Лисаков қаласы әкімдігі білім бөлімінің "Балапан" жедел басқару құқығындағы мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны	110	20123	3 жасқа дейін-6600 3 жастан бастап-8140
2	Лисаков қаласы	Лисаков қаласы әкімдігі білім бөлімінің "Улыбка" мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны	75	20123	3 жасқа дейін-6600 3 жастан бастап-8140
3	Лисаков қаласы	Лисаков қаласы әкімдігі білім бөлімінің "Қрасногор негізгі мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі жанындағы толық күндік шағын-орталық	25	12740	3 жастан бастап-7700
4	Лисаков қаласы	"Ясли-сад "Балақай" на 180 мест" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	60	12740	3 жасқа дейін-6600 3 жастан бастап-8140

Әкімдіктің
2015 жылғы 10 наурыздағы
№ 69 қаулысына
2-қосымша

2015 жылға арналған Лисаков қаласының мектепке дейінгі білім беру ұйымдарындағы мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысы, жергілікті бюджет қаражаты есебінен қаржыландырылатын жан басына шаққандағы қаржыландыру және ата-ананың ақы төлеу мөлшері

Ескерту. 2-қосымша жаңа редакцияда - Қостанай облысы Лисаков қаласы әкімдігінің 26.10.2015 № 392 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі және 01.09.2015 бастап туындаған қатынастарға таратылады).

№	Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту ұйымдарының әкімшілік-аумақтық орналасуы (аудан, қала)	Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту ұйымдарының атауы	Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту ұйымдарының тәрбиеленушілер саны	Мектепке дейінгі ұйымдарда қаржыландырудың жан басына шаққанда бір айдағы мөлшері (теңге)	Мектепке дейінгі ұйымдарда а т а - аналарының бір айдағы төлемақы мөлшері (теңге)
1	Лисаков қаласы	Лисаков қаласы әкімдігі білім бөлімінің " Мұрагер" мектепке дейінгі оқу-тәрбие орталығы" мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны	353	15562,893	3 жасқа дейін – 6600 3 жастан бастап – 8140
2	Лисаков қаласы	Лисаков қаласы әкімдігі білім бөлімінің "Улыбка" мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны	240	15562,893	3 жасқа дейін – 6600 3 жастан бастап – 8140
3	Лисаков қаласы	Лисаков қаласы әкімдігі білім бөлімінің " Дельфинчик" мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны	328	15562,893	3 жасқа дейін – 6600 3 жастан бастап – 8140
4	Лисаков қаласы	Лисаков қаласы әкімдігі білім бөлімінің "Ивушка" мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны	311	15562,893	3 жасқа дейін – 6600 3 жастан бастап – 8140
5	Лисаков қаласы	Лисаков қаласы әкімдігі білім бөлімінің "Балапан" жедел басқару құқығындағы мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны	48	15562,893	3 жасқа дейін – 6600 3 жастан бастап – 8140

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК